

Сайран ӘБУШӘРІП
(Түркістан)

ТҮРІКТЕРДІҢ ТАРИХИ МЕКЕН-ЖАЙЫ

В статье анализируются труды авторов, показавших первоначальную этническую территорию отдаленных предков тюрков. | *Makalede eski Türklerin yaşadığı ilk etnik yerleşim birimlerini gösteren yazarların eserleri incelenmektedir.*

Қазіргі уақыттағы әкімшілік және мемлекеттік шекаралардың бірсыпырасы табиғи түрде емес, пайда табу жолына түскен адамдық бірлестіктердің саяси іс-әрекеттерінің нәтижесінде жасанды жолмен қалыптасқан (яғни қоғамдық дамудың әлеуметтік заңдылықтарының әрекеті нәтижесінде). Ал әу бастан айнала қоршаған ортаға бейімделу барысында материалдық мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктері және бұл ортаны менгеру тәсілдері қалыптасқан жердегі экологиялық-географиялық шекаралар табиғи болып есептелінеді.

Түріктердің бір ойкумендік регион – Алтай, Сібір, Орта Азия мен Қазақстанды мекендегені белгілі. Ендеше бұл жерлердің бәрі бір тарихи-этникалық территория, бірыңғай археологиялық мәдениет қалыптасқан аумақ болып табылады.

Этностар бір-бірінен 1) мәдени облыстар, 2) этникалық ерекшеліктер (тіл, мәдениет, өзіндік сана мен психика), 3) шаруашылық типі және ақырында 4) этникалық тегі арқылы ажыралып тұрады. Әрине, әуел баста этностың пайда болуы мен дамуы белгілі бір территорияда жүзеге асып, фактуалдық эндогамиямен анықталған. Тарихтың басында этно-әлеуметтік организмдермен (тайпа, ұлыс, ұлт) бір қатарда супэтностар (мысалы, түріктер, славяндар), этнолингвистикалық топтар (тіл мен мәдениеті жақын этникалық топтар) және этносаралық қауымның (көп ұлтты мемлекет ішіндегі этностар) да қосақталып жүруі мүмкін. Бұл ретте этникалық үрдістердің өрістеуіне, сондай-ақ өзіндік сананың өзгеруіне байланысты жаңа этностың қалыптасу мүмкіндігін терістеудің теріс екендігін еске сала кетпекшіміз. Сонымен қатар этно-эволюциялық үрдістердің өрбуіне қарамастан этникалық өзіндік сананың кей-кейде өзгеріссіз қалпында қала беретіні түріктер тарихынан байқалған жәйт.

Тұран-Түркістан территориясы, табиғаты, климаты осы жерде мекен еткен адамдардың өзіне тән шаруашылығы мен мәдениетін, сондай-ақ белгілі бір этникалық пішіні мен менталитетін жүзеге келтірген. Мұның негізінде этникалық қауымдастық пен этникалық топтар дүниеге келген. Бұл феноменнің аты Түркістан елі мен түркілік суперэтнос. Демек, Тұран-Түркістан деп аталған Ел-Жұрт мекендеген Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан да бар, Сібір және Алтай түріктердің ата-жұрты болып табылады. Бұл, әрине жалпылама тұжырым.

Көпке мәлім, “Тұран” атауы, “Түркістан” сөзі арғы ата-бабаларымыздың аузына түсіп, әлі тарих беттерінен орын алмастан бұрын-ақ, шамамен б.д.д. 1000 жылдары көне жазбаларда тілге алынады. Алғаш рет бұл атау отқа табынушылардың-зардуштилердің “Авеста” атты қасиетті кітабында сөз болады. Мамандардың айтуынша, бұл кітап өзінің барлық әпсаналары мен қаһармандық эпостық мәтіндерімен қоса алғанда Орталық Азия немесе тіпті одан оңтүстікке таман орналасқан Хират (Герат) айналасында мекендеген арийліктер тілінде жазылған [1].

Ескі Өсиет кітаптарында Нухтың үш ұлы (Сам, Хам, Яфас дүниедегі үш нәсілдің ата-тегі ретінде қабылданған) әңгімеленетініндей. Авестада да Йиманың мирасқоры Траэтоанның (Авеста Нухының) да үш ұлы (Ария, Сاییрима және Тура) болғандығы және дүниені оларға бөліп берілгендігі туралы айтылған. Ария немесе Арияна Иранда (немесе орталықта), Сاییрима Батыста және Тур Шығыста қоныстанады. Арияндар б.д.д. 900-інші жылдарға дейін Иранның тау бөктерлері мен жайылымдарын иеленеді [2].

Авестада Зардуштийлер заманына дейінгі кезеңдерде ирандықтар егіншілік кәсібімен айналысқан отырықшы бір халық еді және өндірістің қозғаушы күші болған сиыр малын пір тұтқан қауым еді деп жазылған. Ирандықтар мен ескі діннен (зороастризм) қайтқан көшпелі тұрандықтар арасындағы дұшпандық қатынастар осынау кітапта анық сипатталған [3].

Митра мадақталған “Михр-Яштеде” Шығыс Иран және Орталық Азия елдері деп көрсетілген жерлер мыналар: Мевр, Соғдиана, Ишката (Солтүстік Ауғанстан), Харайва (Герат төңірегі), Хорезм және Хара таулары (Памир-Алай және Тянь-Шань). Бұл таулардан бастау алып, ағып шыққан Амудария мен Сырдария, олардың аңғарлары арийліктер өлкесі есебінде [4]. Авестаның басқа бір кітабы “Видэватезде” арийліктердің алғашқы Отаны ретінде Ариана Вайджа көрсетілген. Олардың кеңістігінен орын алғандарының ішінде Ахурмазда (жақсылық, ізгілік, нұр, раушандық құдайы) күдіретімен дүниеге келтірілген деп есептелінген 16 ел, әсіресе Соғды, Моуру (Мевр), Бахди (Бактрия) аталынады [5].

Авестадағы Ормазд-Яштаның 21 өлеңінде Арияна Вайджа әлемі суреттеледі:

Хвала Арияна Вайджа
И благу, Маздой данному!
И водам Датъи слава
И чистым водам Арви! [6].

Арияна Вайджаның нақ жүрегінде орналасқан Ворукаша теңізінің жағалауларын мекендеген халықтар ішінде арийліктермен қатар турлардың да аты аталады [7]. Турлардың бір көсемі Йойшта Рангха өзенінің бойында әйел құдай Ардви Суреге бағыштап құрбандық шалған [8]. Қуатты жауынгер “Туса” биік те қасиетті Кангханың дарбазасында Тұран батырларын жойып жіберу үшін алдымен “Вайсаканың желаяқ ұлдарын жермен жексен ету керектігін айтады. Ал Тұран батырларының арғы ата-бабалары болмыш Вайсака ұлдары да Кангхада Арви Суреге арнап құрбандық мәресімдерін өткізген” [9]. Және Аши гимнінде айтылғанындай,

Хаома Тұрандық Афрасиябты Чайчастағы (Арал теңізі болуы керек) Хаосраудың ордасына жеткізу керектігін айтады. Бір таудан бастау алатын, бірақ біреуі ғана Ворукашаға (мамандардың айтуынша, бұл – Каспий теңізі) барып құятын тәңірлік маңызы бар дариялар болып табылатын Арва мен Датья (Амудария мен Сырдария-С.Ә.) басында құрбандық бергендердің ішінде, ең алдымен арийліктер мен түрлардың батырлары болғандығы айтылады [10]. Тұранның тұрмыс-шаруашылыққа жайлы аңғарлары және басқа жерлері абаттандырылып, оның Хорезм, Бахтар, Соғды, Марғияна, Паркан, Шаш, Қанғы, сондай-ақ Сырдария бойында және Жетісу өңірінде егіншілік алқаптары, далалық аймақтарда жаз айларында жайлауға шығатын көшпелі мал шаруашылығы пайда болады. Бұл жерлердің тұрғындары әуелі түрлар деп аталған еді. Кейінірек, қонсылары оларды хорезм, бахтарий, сак, шу, массагет және аргиймпай сөздері арқылы нақты тайпа немесе тайпалар одағы, сондай-ақ ел ретінде танып біле барған.

Бұл жөнінде Иранда шыққан “Дезал – Иранның он мың жылдық тарихы” (Тегран, 1357 немесе 1979 жылы) атты кітаптың 1-20 беттерінде егжей-тегжейлі жазылған.

Бұл ретте, әсіресе Хорасанның Таборон аулында 940 жылы дүниеге келген А.Фирдаусидің “Шахнама” дастанының деректік-танымдық маңызы зор. Атынан да көрініп тұрғандай, ол – “Шахтар хақындағы кітап” болып, 4000 жылдық тарихи оқиғаларды бейнелеген шын мәніндегі үлкен жылнама. Онда 50 патшалық тарихы сипатталған, ежелгі тайпалар тарапынан шығарылған қаһармандық дастандар мен аңыздар, сондай-ақ Иран мен Тұранның сонау Ескендір заманынан (б.д.д. IV ғ.) басталып саманилардың ақырғы шахы Яздигирд өліміне дейінгі (б.д. 651 ж.) кезеңдерде болған тарихы қамтылып, анық та дәлме-дәл суреттелген.

“Шахнамада” бір ғана Сухрабқа байланысты айтылған жерде “Тұран”, “тұрандықтар”, “тұрандық әскер”, “Тұран жері”, “Тұран елі”, “Тұран пахлаваны”, “Тұран ер азаматтары” сияқты тіркестер 28 рет қайталанған. Тұрандықтардың есімдері, іс-әрекеттері, мекен-жайлары көп мәрте тілге алынған. Тұранның тұрғындары түріктер деп аталған.

Фирдаусидің “Шахнамасында” дүние үш бөлікке бөліп көрсетілген. Біріншісі – Рум (Рома империясы) өлкесі мен Батыс жерлері. Екіншісі – Түркістан (бұл жерде Түркістан мен Тұранның бір мағынада қолданылғандығын көреміз) мен Шын (Чин). Үшіншісі – Қаһарман Иран өлкесі. Онда Тұран территориясы Румға дейінгі жерлерді және Каспийден Қытай мен Хотанға дейін созылып жатқан ұлан-байтақ аймақты қамтиды деп көрсетілген. Иранның әпсаналық қаһарманы Залдың өкіметі киіз үйдегілермен сауда-саттық жасасу ісі шекарада көрсетілген жерде ғана болады және түріктер қарсы жаққа өтпесін деп қарар шығарған [11].

“Шахнамада” Рустамның Қотан қаласына жол алғаны айтылады [12]. Бұл – әрине, Түркістан қаласы болуы керек. Демек, Түркістан қаласы б.д.д. I мыңжылдықта бар болған. Қотан – қазақтардың әпсаналық Бабасы деген дерек бар. Мұны екі жақты мағынада түсінуге болады: “Шахнама” бойынша, Рустам Қотан өмір сүрген қалаға жол алған болуы мүмкін. Немесе дастанда сөз Рустамның Хотан қаласына (Шығыс Түркістандағы) сапар шегуі хақында болған деп ойлауға да қисын бар. Алайда Рустамның Шығыс

Түркістандағы Хотан қаласында болғандығын растайтын ешқандай әпсаналық және басқалай дерек жоқ. Қалай болғанда да сөз Түркістандай қаласы бар Түркістан атты ел мен жер туралы болып отырғандығы айдап анық. “Тур” және “Түркістан” атаулары бұдан дерлік 1000 жыл бұрын тұмыр кешкен арғы тегі түріктердің өзари тайпасынан шыққан Қатран Табризидің “Диуанында” да жиі-жиі ұшырасады (Қатран Табризи Диуаны. Ағамухаммед Нәджаванидің нұсқасы бойынша парсы тілінде баспаға дайындаған Хусейн Аһи. Техрон, “Хазар” баспасы, 1901, “Тұран” сөзі 64, 272, 285, 359, 432, 452, 539-беттерде, ал “Түркістан” атауы 33-87, 111-беттерде берілген).

Сондай-ақ, аталған дастанда б.д.д. I мыңжылдықтың орта шенінде (мүмкін б.д.д. VII ғасыр шығар) өмір сүрген Тустың Түркістанға сапарға шыққаны туралы да айтылған [13]. Рустам мен Тус, әрине, Афрасиабтың замандастары. Бұл шамамен б.д.д. VII ғасырға тура келеді.

Айта кету керек, зерттеу дереккөзі ретінде алынып отырған А.Фирдоусидің “Шахнамасы” орта парсы тілінде жазылған болып, оның толық мәтіні 1999 жылы Қатре баспасынан (Иран Ислам Республикасы) 1367 бет көлемінде алтыншы рет басылып шыққан.

Мақаладағы кезектегі сілтемелер “Шахнаманың” осы нұсқасы бойынша беріліп отыр [14].

“Шахнама” бойынша Фаридун мен оның ұлдары патшалық еткен тұста Иран-Тұран шекарасы болып Амудария (Джейхун) бекітілген. Екі жақтың осы шегарадан өтуі, шегараны бұзған болып есептеледі:

Чу Лашкар бе наздике Джейхун расид
Хабар назде пуре Фаридун расид (Наузар, 104 бет).

Аудармасы: Әскер Джейхунға жеткенде,
оның хабары Фаридун ұлына (Наузар) жетті
немесе:

Сепохи аз Джейхун бедин су кешид. (Наузар. 112 бет).

Аудармасы: Әскер (Тұрандықтар) Джейхун жақтан
бері қарай өтті.

“Шахнамеде” бастапқыда Тұран территориясына Испиджаб пен Обь өзені аралығындағы жерлердің кіргендігі айтылған. Мысалы, Гаршасп кезінде Афрасиаб Испиджаб пен Обь өзені аралығында Иранға қарсы үлкен армия құрады:

Афрасиаб иеки лашкари сохт
Зе даште Сепанджоб то руде Об.
(Подшохие Гаршасп, 118 б.)

Аудармасы: (Афрасиаб Сепанджоб даласынан
Об өзеніне дейін бір әскер жасақтады)

Бірақ бұл шегара екі жақтың арасындағы соғыстар нәтижесінде үнемі өзгеріп отырды. “Шахнамеде” түркілердің осы шекараны бұзып Иранның солтүстік-батыс бөлігін жаулап алғандығы, бірақ ирандықтардың оларды қуып шығарғаны туралы жазады:

Берафтанд торкон пише Муған
Кешиданд лашкар сүйе Дамған.
(Кейқубад, 125 б.)

Аудармасы: (Түркілер Мұған тарапына кетіп,
әскер Дамғанға қарай өтті).

Жырда Афрасиабтың ирандықтарды бірінші болып дәстүрлі шекараны бұзғандығын кінәлағаны туралы жазылады:

Аз Джейхун то Мауреннахр бар ке
Джейхун миончист аңдар гозар.
Баро буме мо буд хангеме шох (Фаридун)
Накарди бар он марз Ирадж негох.
(Кейқубад, 129 б.)

Аудармасы: Мауреннахрдан Джейхунға дейін,
Фаридун шах кезінен
жеріміздің шекарасы болды.
Бірақ оған Ирадж назар аудармады.

Каси аз мо набинанд Джейхун бехоб,
Ва аз Ирон найоянд аз ин руй об. (Кейқубад, 129)

Аудармасы: енді біз шекараны бұзбаймыз,
Ираннан да енді ешкім бұзбасын

Бірақ, дәстүрлі шекараның бұзылуы жалғаса береді. Иран мен Тұранның ресми шекарасы Амудария болғанмен, оның төңірегіндегі көлемді аймақ бейтарап жер болған сияқты. Негізгі халықтың мекен ету аймағы Сыр, Қаратау бойындағы қалалар, ал Амудария төңірегі мал жайылымы мен аң аулайтын жер болған:

Бухара, ва Соғд ва Самарханд ва Шаш
Сепиджоб ва он Кешвар ва тахте одж.
Тахи кард ва шод бо сепях сүйе Ганг (225-Сиявуш)

аудармасы: Түріктер Бұхара, Соғд, Самарқанд пен Шашты
Және Испиджаб пен піл сүйегі тағы бар елді
Жаулап алып Ганг тарапына келді.

Бірақ тұрандықтардың бұл әрекеті Иранға ұнамайды. Егер шекара Амудария өзені болса, ирандықтардың мазасыздануы түсінікті. Мауреннахрға

орналасқан қалалар бейтарап сауда қалалары болды. Оны жаулап алу халықаралық сауда тізгінін қолға ұстау деген сөз еді. Осы орайда Бартольд Иран және Тұран сөздері жағрапия ғылымында мүлде басқаша мағынаға ие болды. Иран деп солтүстігінде Каспий және Арал теңізі бассейндерімен шектесетін, оңтүстік-батыс пен шығыста Үнді мұхиты мен шеттесетін тауды үстіртті айтса, Тұран деп Арал теңізі бассейнін айтты. “Тұран” деп, кейде бүкіл Орта Азия әлемін, оңтүстік орыс даласынан Қытайға дейінгі аймақ түсінілген. Және “Тұрандықтарды” тек “Ирандықтарға” қарсы мағынада ғана емес, Арилерге қарсы мағынада да қолданды. — деп жазады (В.Бартольд. Сочинение. 1 том. 231 бет).

Бірақ Бирунидің жазуынша, Хорасандағы төртінші климат—Марздуран асуы Түркілер асуы, яғни “марзе Туран” деген мағынада ұғынылған (Бируни. Канун Масуда. 466 бет). Бұл Марздуран асуы атауы Иранның Хорасан провинциясында әлі күнге дейін сақталған. Осы деректерді сараптау, Иран мен Тұранның белгіленген шекарасының үнемі бұзылып тұрғанын көрсетеді.

Бе нахчиргохе раде Афрасиаб
 Аз иек дасте риг ва аз иек даст Об
 Дегар су Серахс ва Биобонаш писи
 (164 б.-Кабус пен Хамаварат патшасының шайқасы)

Аудармасы: Афрасиабтың аң аулайтын даласы
 Бір жағы қиыршық, бір жағы су
 Келесі жағы Серахс пен күмді дала.

-деп Серахс өзені маңының да тұрандықтарға қарағанын көрсетеді.

Рустем кезінде қалалар Иранға қайта қарайды:

Сепиджоб ва Соғдаш бе Гударз дод. (281.-Сиявуш)

Аудармасы: Испиджаб пен Соғдыны
 Рустем Гударзға беріп, билетеді.

Тұран жері Славяндар мен Рим жерімен шектесті. Рустемнің Тұрандықтарды талқандауын көрсеткенде:

Аз Туранзамин то бе сақлаб ва Рум
 Намонданд иек марз обод бум. (283—Сиявуш)

Аудармасы: Тұран жерінен Славяндар мен Римге дейінгі
 жердің сау тамтығын қалдырмады, делінген.

Рустемнен жеңілген Афрасиабтың Ганг теңізінің батыс жағалауына кеткендігін жазады А. Фирдоуси.

Сондай-ақ, дастаннан Шын мен Машын (Тибет-Қытай) жерінің Тұранға бағынғаны белгілі болып отыр. Афрасиаб қолбасшы Құманға:

Аз ин ру то Чин ва Мачин торост (329-Сиявуштың өлімі)

Аудармасы: Осы жерден Қытай мен Машынға дейінгі жерлер сенікі, – дейді.

Кейін дәстүрлі шегараның Касе өзені болғандығы көрсетілген:

Хабар шод бе торкон ке аз Иран сепак
Суйе Касе руд андар омад барох. (329 б. –Сиявуштың өлімі)

Аудармасы: Түркілерге, Ираннан бір әскердің шығып,
Касерудқа жақындағаны туралы хабар шықты.

Рустемнің соғыстары табысты болып, Тұран жерлерін жаулап алады, сонда Тұрандықтар Қытай теңізін шекара етпек болады. Оның дәлелі ретінде мына жолдарды келтіруге болады:

Шавам то бедон руй дариой Чин
Беду монам ин марзе Турон замин. (40-Қытай қақаны)

Аудармасы: Қытай теңізінің арғы бетіне өтемін, сол жерді Тұран жерінің шекарасы етіп белгілеймін, – дейді Тұран қолбасшысы Фарғар Афрасиаб қағанға.

Геродоттың жазуынша, массагеттерге (көне Тұранның бір бөлігі болған Амударияның арғы беткейіндегі қазіргі Бұхара маңында жайғасқан қауым) қарсы жасалған жорықта парсылар дәрменсіздігін көрсетті. Қысқасы, жоғарыда келтірілген парсы жазбаларындағы деректерге қарағанда, Иран мен Ауғанстанның солтүстігінен Арал теңізіне, шығысқа қарай Қытайлық Түркістанды қамти созылып жатқан жерлер көне Тұран деп аталған екен [15].

Түркістан термині парсы тілінен енген “И” изафеті мен “стан” қосымшасы арқылы “Түркілер жұрты (-елі, өлкесі)” мағынасын береді. Тарихшылардың келтірілген мәліметтеріне қарағанда “Түркістан” сөзі сақтар дәуірінің ескерткіштерінде (б.д.д. VII ғ және б.д.к. II ғ.) “Туркистанак” түрінде ұшырайды [16].

Кең жерлерге ие Түркістан шекараларының оқтын-оқтын өзгеріп отыруы табиғи нәрсе. Түркістан хундар мен көктүріктер кезеңдерінен бері “Әлем түріктерінің орталығы” ретінде тарих сахнасында тұр. Бұл өлке үлкендігіне орай кейде “Тұран” атауымен белгілі болған. Мысалы, қарахандықтар мемлекеті тұсында “Тұран” сөзі “Түркістан” мағынасында қолданылған. Түркістанның ұлы әміршісі әрі қолбасшысы Әмір Темірдің құрметіне Қарсақпай өңірінде 1391 жылы тұрғызылған бір ескерткіште ол “Сұлтан-и Тұран” деп аталған [17].

Бұл атау Иран және армян әдебиетінде VI ғасырдан бері, кең көлемде Шығыс халықтары арасында қолданылған. Армян жылнамашысы Мұса Харинаки “Түркістан” атауы Еділ өзенінен Тәңір тауларының (Тянь-Шаньның) шығысына дейінгі аралықтағы жерлерді қамтиды деп түсінген. Бұл атауды VIII-IX ғ. араб тарихшылары да қолданып, оған барлық түркі

тілдес тайпалардың мекендеген территориясын жатқызған болатын. IX ғасырдағы араб тарихшысы Ибн Хордадбек өзінің еңбегінде: “Мервтен екі жол шығады, бірі – Шашқа (Ташкентке – С.Ә.) және түркілер еліне...апарады” [18], – деп жазған. Әл-Якуби өзінің “Китаб ал-буидан” деген шығармасында (891 ж.) Түркістан мен Түркілер бірнеше тайпа, елдерге бөлінетіндігін айтады [19].

Исламды қабылдаған соң арабтар “Түркістан” орнына оны “Билал ат-Турк” деп атаған: бұл да болса Түркі жұрты, яғни Түркістан дегені еді. Махмұт Қашқари “Диван-и лұғат-ит турк” атты әйгілі еңбегінде Билал ат-Турктің шекаралары Қытайдан Хазар (Каспий) теңізіне, Византияға, Қыпшақ даласы мен ежелгі орыс өлкелеріне дейін созылып жатқан жерлерден құралады деп көрсетеді.

Ғұламаның жазуынша, кейбіреулер Қазойын шәһарын Түркі елінің шекарасы деп есептейді. Құм шәһары да шекара болып саналады. Себебі Құм – түркі сөзі. Афрасиабтың қызы мұнда тұрақты аң аулайтын. Кейбіреулер Мәруашшаһижан шәһарын да шекара санайды. Кейбіреулер бүкіл Мәуараннаһрді Түркі елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады. Оның тағы бір аты – Дизроин-Мыс шәһары. Бұл Бұхараға жақын. Бүкіл Мәуараннаһр мен Янкенттен шығысқа дейінгі жерлерді Түрік шәһарлары дейтініміз сондықтан. “Қазір бүкіл Түркі елінің шекарасы Абискүн (Каспий) теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен (Ферғана шәһарына Өзканд деп ат қойылған. Канд-кент. Бұл өз шәһарымыз деген мағынаны білдіреді) Шынға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың персах [20]. Кант демекші, осы атаулы Қырғызстандағы әскери база Бішкектен 25 км. жерде орналасқан. Оған 5 желтоқсаннан бастап (2002 ж.) Россияның 20 әскери самолёті мен 700-дей әскері келтірілді.

Қашқари кітабында Түрік Елінің жерлері, шәһарлары мен шекаралары анық көрсетілген. Сонымен бірге, жоғарыда келтірілген мәтіннен көрініп тұрғанындай, М. Қашқаридың Түркістанды парсыша мақамда (Турк+и/а/ст+он) емес, түрікше түрде бейнелегені (Түрік елі) айқын. Бұлай деп жайдан-жай жазыла салмаған. Бұл ретте ол Еліне түркілік мән-маңыз бен рәміз бағыштай бәдіздеген болу керек.

XIII ғасырдағы парсы тарихшысы Мұхаммед ибн Мансур Марвариди өзінің “Тарихи Муборакшах” атты іргелі еңбегінде Түркістанның территориясын былайша анықтайды: “... Түркілердің әлемдегі басқа халықтардан бірқатар айырмашылығы мен абзалдығы бар. Солардың бірі – әлемдегі бірде-бір ел өзінің көлемі жағынан Түркістанмен теңдесе алмайтындығы. Түркілер уәләятының шығысында Шын елі орналасқан. Батысында Түркістан Руммен, солтүстігінде – Гога мен Магога (Уралдың аржағындағы жер деп болжамданылады) далаларымен, ал оңтүстігінде – Хиндустан тауларының қарлы шыңдарымен шендеседі...) [21].

XIV-XVII ғасырларда парсы, түркі, тәжік, шағатай тілдерінде жазылған шығармаларда Түркістан деп Сырдария бойындағы қалаларды да, иелікті де, елді де, өлкені де атай береді (Муйн ад-дин Натанзи (XV ғ.) [22], “Тауарихи гузида-и Нусрат Нама” [23], “Фатх нама” [24], “Шайбани нама” [25], “Тарихи Абылхайырхани” [26], Махмуд ибн-Уәлидің “Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахйар” кітабы (XVII ғ.) [27]. Ал Қытайда орыс шіркеуінің

миссионері ретінде қызмет атқарған және қытай тілін өте жақсы білген Бичурин өзінің еңбегінде қытайлықтардың Түркістан жайындағы пікірлерін келтірген: “Хазар теңізінен Кукунорға (Кух-и Нұрға-Нұр тауы дегені – С.Ә.) дейінгі жерлерге орналасқан көшпелілер қауымы бар. Бұл қауым түркі тілінде сөйлейді және Мұхаммед заңдарына (Исламға дегені) иланады. Бұл адамдар өздерін “Турк” деп көрсетеді, ал өмір сүріп отырған өлкелерін “Түркістан” деп атайды [28].

Түркілер Түркістан жерінің түрлі бөліктерінде қауым немесе қауым басшыларының есімдерімен аталған мемлекеттер құрған, бірақ олардың бәрі бір-бірімен байланыста болған. Осынау мемлекеттердің билеушілері ешқашан өздерін “Түркістан” сөзінен тыс тіркеспен немесе атаумен көрсетпеген. Түркістанда немесе ол арадан көшіп кетіп, басқа елдерде өмір сүрген түркілер саяси және мәдени тұрғыда өздерін әрқашан ұлы Түрік отбасының мүшелері деп сезінген. Олар тарихта “Біз түркіміз” немесе “Біз түркістандықпыз” деген. Бірақ, “Түркістан” аталатын мемлекет құрамаған. Олар үшін “Түркістан” термині – жинақылық ұғымды білдіретін жұрт атауы және шығу тегін білдіретін сөз. Бұл “Түркістан” сөзінен бас тартудың белгісі бола алмайды.

Түркістан жұрты басынан көп қайғы-қасірет өткізген. Иран, Араб, Монғол және Қытай басқыншылықтары – бұлардың бірер ғана көрінісі. Түркістан бұлардың үстемдігінен құтылса, басқалардың тұзағына түсіп отырған. Соңғы рет тұзақты Қытай мен Ресей құрды. Орыс мемлекеті 1865 жылғы 2 ақпанда Ыстықкөлдің батыс жағалауынан Орал өзеніне дейінгі жаулап алынған жерлердің бәрін “Түркістан облысы” атымен Орынбор генерал-губернаторы тарапынан басқарылатындығы туралы шешім қабылдады. Осылайша Түркістан тұңғыш рет кеңес қызметі аясындағы облыс ретінде көріне бастады. Орыстар бұл атауды, әрине, аспаннан немесе жер астынан алған жоқ. Халық ішінде “Түркістан” сөзі тірі болатын. Халықтың рухына көңіл бөлу де қажет еді. Ташкент қаласы және Бұхара әмірлігіндегі бірнеше қала мен аудан басып алынған соң Ресей Түркістанды басқару мәселесін қайтадан қарай бастады. 1867 жылы Ресейдің соғыс министрі Милютин басқарған комитет Түркістанның болашақтағы басқарылу мәселесін талқылады. Түркістан облысының Түркістан генерал-губернаторлығы ретінде Ресей соғыс министрлігіне бағынышты сипатта басқарылатындығы жайында шешім қабылданды. Патша 1867 жылғы 11 шілдеде осы губернаторлықты құру жайындағы заңға қол қойған болатын [29]. Осылайша 1867 ж. құрамында Жетісу (1882 жылға дейін) және Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.

Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болып Ташкент қаласы белгіленді. Осы генерал-губернаторлық арқылы Хиуа хандығында, Бұхара әмірлігінің бір бөлігінде (1873-ке дейін), Қоқан хандығында (1876-ға дейін) және Памир облысының территориясында (1875-ке дейін) Ресей үстемдігін орнату саясаты жүргізілді. “Түркістан облысы” атымен басқарылып келген Орал және Торғай облыстары әкімшілік жағынан Түркістан генерал-губернаторлығына бағындырылды. 1868-жылғы 21 қазанда қабылданған Жарлыққа сәйкес Түркістанның Ақмола және Жетітам

(орысша-Семей) облыстары Батыс Сібір генерал-губернаторлығы билігіне берілді. 1886 жылы генерал-губернаторлық ресми түрде Түркістан өлкесі аталып, 1898 жылдан оның құрамына Закаспий, Самарқан, Жетісу, Сырдария және Ферғана облыстары қарады. Орыс Түркістанының территориясында патшалық Россияның вассалдары (вассалитеттің подданстводан айырмашылығы бар. Ол еркіндік ұғымын қамтиды және қоғамның орталық өкіметтен белгілі бір автономдығын білдіреді- “Семенникова П. Феномен России.- “Наука и жизнь”, 1996, N11, 43-б) – Хиуа хандығы мен Бұхара әмірлігі болды [30]. 1891 ж. 25 мамырда Орал, Торғай, Ақмола және Жетітам облыстарынан дала генерал-губернаторлығы құрылды. Бұл Омбы қаласынан басқарылатын. Түркістан генерал-губернаторлығы және Дала генерал-губернаторлығының құрылуымен Түркістанды бөлшектеудің алғашқы қадамы жасалды. Дала генерал-губернаторлығының жер көлемі 1606687 шаршы километрден астам (Россия Том 18. Киргизский край. Петербург, 1903, 175-б.), ал Түркістан генерал-губернаторлығының жер көлемі 1969983 шаршы километр. (Ойзина-Кляйнов. Туркестан. Лейпциг, 1942, 411-412-б.) болды. Осының өзінен-ақ бүгінгі Түркістанның жартысынан астамының “Түркістан” атауымен басқарылғанын аңғарамыз [31]. 1917 жылға дейін Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында өлкенің 5 облысы мен 1 ең үлкен бөлігі болған [32].

Бұл ретте осындай бөлшектеуге карамастан өлке иелерінің, зиялыларының жалпы Түркістан терминін қолданғандығын және түркілердің ұлы өлкесін батыс, шығыс, оңтүстік деп бөлмей, бір ғана сөзбен, яғни Түркістан атауымен тануға және танытуға тырысқанын баса айтқымыз келеді. Олар ғасырлар бойы өздерінің тарихи тұтастығын сақтау жолында, жат жергіліктердің билігін орнатуға қарсы, Түркістандық идеяларға қызмет ету жолында жүргізген күресін ешқашанда тоқтатпаған.

Тарихи Түркістан көлемі жағынан бірдей емес үш бөлікке бөлініп, үш мемлекеттің құрамына енген болатын: а) Қытайлар Синьцзян деп өзгерткен Шығыс Түркістан; ә) Батыс (бұрынғы Ресей қол астында, кейінірек Кеңестік) Түркістан және одан оңтүстікке қарай; б) Оңтүстік (яғни Ауған елі деп аталатын жердегі) Түркістан. Батыс Түркістанның жерлері Батыс Сібір мен Орал тауының сілемдерінен Ауғанстан мен Иранға дейінгі кеңістікті қамтиды. Батыс Түркістанның жер көлемі – 3999400 шаршы километр, яғни 4 млн-ға жуық [33]. Шығыс Түркістанның жер көлемі болса –1503563 шаршы километр. Демек, жалпы Түркістан 5497963 шаршы километр жер көлемі бар Азияның үлкен өлкелерінің бірі болып табылады. Бірсыпыра түріктер тұрып жатқан Ауғанстанның жер көлемі 650 мың шаршы километр [34]. Бұл өңірде 5,5 млн. түріктер тұрады деген болжам да жоқ емес [35].

Ерте замандардан бері Оңтүстік Түркістанның (қазіргі Ауғанстанның) біраз жерлерін түркі нәсілдес қауымдардың мекендегені белгілі. Мысалы, Балхта әйгілі түркілік мұтасауыф ақын Жалал ад-дин Руми, ал Гератта (Хирот) – Әзіреті Науаи дүниеге келген. Сондай-ақ, Ауғанстанның оңтүстігіндегі Қандахар қаласының көне замандарда Шігілабад (Шігілдердің қаласы) деп аталғаны да тегін емес. Қазіргі уақытта Қабул, Бағлан, Құндыз, Мазари - Шариф, Тохарстан, Бадахшан уәләят - аймақтарында түрік

нәсілдестер топ-тобымен тұрып жатыр. Ауғанстанның Қазақстандағы елшісі 2001 жылдың желтоқсан айында Қазақстан теледидарында сөйлеген сөзінде Солтүстік Ауғанстан аймағында, әсіресе Саманганда 60 мыңдай найман және т.б. қазақ руларының өкілдері тұрып жатыр [36]. Ауғанстандағы қазақтардың жалпы саны 150 мыңдай, деген еді. Көші-қон комитетінің төрағасы А. Жағанова болса, Ауғанстанда 300000 қазақ бар, - деді.

2001 жылы Ауғанстан мәселесі бойынша Бонн қаласында өткізілген конференцияның шешіміне риза болмаған Пешавардағы түрікмен қауымының басшысы Жавохир Ауғанстанда 3 млн. түрікмен өмір сүруде, - деді [37]. Ал бұл елдегі өзбектердің саны - шамамен 2.5 немесе 3 млн. - дай [38].

Орталық Азия халықтарын зерттеп жүрген Колумбия университетінің проф. Петр Сенек пен Вашингтондағы Джордж Пауэль университетінің қызметкері Патрица Госманның айтуынша, Ауғанстандағы өзбектер жалпы халықтың 14%-ін, пуштундер - 8-ге дейінгі процентті, тәжіктер - 25 %-ін, хазарлар - 19 %-ін құрайды [39].

Ауғанстанда тұрып жатқан түрік қауымдары жөнінде басқа болжамдарды да алға тартушылар бар. Мысалы, Россияның стратегиялық зерттеу институтының қызметкері М. Махкамовтың берген мәліметіне қарағанда, Ауғанстандағы өзбектер жалпы халықтың 14 %-ін, тәжіктер 34 %-ін, пуштундар 22 %-ін, басқалары 26 %-ін құрайды [40].

Батыс және Шығыс Европа халықтары тарих сахнасына шықпастан көп бұрын түркілік деп аталған феномен дүниенің ең үлкен аймағын алып жатқан Евразияның жер-жерлерінде аса маңызды тарихи роль ойнаған еді.

Қазіргі заманның орыс тарихшылары Евразия дегенде Солтүстік Евразияны назарда тұтады. Алайда Евразия - бұл Европаның шығыс, Азияның орталық және солтүстік бөліктерін қамтыған кең байтақ өлке. Ол екі материктің аралығында орналасқан үшінші бір материк іспеттес. Бұл өлке тұрғындары бір заманда географиялық біртұтас регионда өмір сүргендіктен, ортақ қалың тарихы бар, өзіне тән тұрмыс салтымен ерекшеленіп тұрған.

Евразияның оңтүстігі Квен-Лун, Памир, Гиндикуш және Кавказ тауларымен шектеседі. Солтүстіктегі орманды жерлерден оңтүстік пен батысқа қарай, Маньчжурияның Хинган тауларынан тура Карпатқа дейін сайын дала созылып жатыр. Кең даланың солтүстігі мен оңтүстік бөліктері қалың да күрең түстес топырақпен жамылған. Даланың оңтүстік шекараларында көрінген Каспий мен Арал теңіздері, сондай-ақ Балқаш көлінің солтүстік жағын ала көсіліп жатқан шұрайлы жайылымдар Алтай тауларына барып тұтасады да біртіндеп оның бөктерінде тағы бір жаңа алаң түрінде көрініс беріп, содан кейін Хинган тауларына дейін жетіп, 45-ші солтүстік ендіктің үстінде жалғасын тауып жатады. Бұл аймақтың оңтүстігінде көсіліп жатқан құмды далалардың ақыры шөлдермен тәмамдалады. Осынау құмдауыт жерлер Алтайдан турадан-тура батысқа және шығысқа қарай орналасқан аса құнарлы даланың бөліктерін байланыстырып тұр. Тянь-Шань мен Алтай тауларының арасында қиын асулары бар Жоңғария қақпасы орналасқан. Өткен замандарда бұл жерлердің бауырынан көптеген этностар мен мәдениеттер өсіп шыққан.

Солтүстікке қарағанда тұзды дала деп аталып кеткен оңтүстік өлке анағұрлым кішкене, жауын-шашыны аз және жан-жағы тұйықталған алқап болғандықтан, оның топырағы сор болып келеді. Сонымен қатар кейбір жерлері құнарлы топырақтан кенде емес, сондықтан суару жүйесі арқылы оларды өнім беретін халге келтіруге болады. Өзендер бойы малға қажетті қаулап өсетін шөптерге бай. Бұл өлкенің типикалық жануары түйе болған.

Өңірдегі қоңыр-сарғылт түстес топырақты даланың ашық жатуына және жауын-шашынның аз болуына қарамастан оның климаты тым континентальды, қысы суық және боранды күндері көп, ал жазы негізінен құрғақ келеді. Жазда анда-санда нөсерлі жаңбыр жауып тұратындықтан, жер-жерлерде біршама ылғал сақталып қалынады.

Солтүстік өңірдің шалғай жерлеріндегі өзендер аңғары мен биік төбелері түрік тілінде айрықша бейнеленген. Мысалы, көне түркі тілінде “Ор” сөзі биіктік, өрлік мағынасында қолданылған. Содан барып кейінгі кездерде орман сөзі туындаған. Ол ағашты жер деген мағынаны береді. Түрікшедегі тау сөзінің якут тіліндегі баламасы – орман. Қазіргі қазақ тілінде “Ор” тескері мағынада қолданыс тапқан. “Ура” сөзі “Ор=дан” туындаған болуы керек деп білеміз. Орал тауы және Шумердегі “Ур” қаласы (б.д.д. VIII мыңжылдық) жөнінде де осыны айтуға болады.

Түркістанның аралық аймақтарына ойысқан сайын кішігірім орманды жерлер кезігіп, олар біртіндеп солтүстіктегі қалың орманға ұласады. Оңтүстікке қарағанда бұл жерлерге ылғал мол түсетіндіктен, олардың көпшілігі егіншілік үшін өте қолайлы. Орал мен Алтайдың аралығындағы бұл аймақ ұзындығы шамамен 700-800 шақырымдай келетін кеңістікті алып жатыр.

Сөз болып отырған аймақта көшпелі мәдениетті ең жоғары деңгейге жеткізген жылқышылық шаруашылық қалыптасқан, бірсыпыра Ұлы мемлекеттер құрылған, түрлі түрік тайпалары өніп-өскен. Ол – дүниежүзілік тарихта даңқты істерімен көрінген Ұлы Жаһангерлердің мекені. Осынау аймақтан түріктер оңтүстік пен батысқа қарай сапар шеккен. Демек, ол түріктердің дүние бойлап таралуын қамтамасыз еткен жер. Олай болса, түріктердің ата-жұрты да – осы жер.

Түріктердің ата мекені жөнінде бірсыпыра пікірлер алға тартылған.

Клапрот, Вамбери және басқа зерттеушілер түріктердің ата мекені – Алтай таулары, Радлов – оның шығысы, ал Рамстет – Шығыс Азияның пәк өзі деп есептейді.

Палеоазия қауымдарының өзара әсерлесуін мәдениеттің салыстырмалы морфологиялық әдістері негізінде талдаған Паркер, одан кейін Копперз түріктердің ата жұрты шығыста, Байқалдан Гоби шөліне дейінгі аралық жерлерде болған деген қорытындыға келеді [41].

Поппенің пікірінше, түріктердің тарихи жұрты – Орта Азия. Чуваштардың арғы ата бабалары атам заманында белгілі бір себептерге байланысты бұл жерден Батысқа ауып кеткен. Түріктердің тарихи жұртын жан-жақты зерттеп, мәселенің оңды-солын қарастырған ғалым – Г.Немет. Оның пікірінше, ең көне түрікше мен орал тілдерінің арасында байланыстардың болғандығы күмән тудырмайтын шындық. Ол көне үнді және түрік сөздерінің арасындағы ұқсастықты тілге тиек ете келіп, ең көне

түріктер мен бүгінгі оралдықтардың арғы ата-бабаларының қайсы жерде бір-біріне жақын тұрғандығы жөніндегі деректі үнді сөздерінен алуға болады дейді. Неметтің пікірінше, түріктердің алғашқы мекен-жайын Арал төңірегінен іздеу керек, бәлкім ол Орал мен Алтай таулары арасында Қазақстан шығар? [42].

Көптеген Европалық авторлар түріктер Орталық Азиядағы мәдениетті жасауға қатыспаған, олар мәдени жағынан дамыған елдерге варварлар сияқты уақыт-уақытымен шабуылдан тұрғандықтан және қиратушы дәуір күш ретінде көрінгендіктен, ешбір жерде айтарлықтай позитивті із қалдырмаған. Тарих пен табиғаттың арам тамақтары болған көшпелілерде ой-пікірдің қозғалысы бір-ақ бағытта жүрген. Ол – пессимистік арна елі дегенді көп қайталай беруді ұнатады. Осынау авторлар түріктердің мекені мәдениетті қауымдар тұрған Орта Азиядан жырақта. Ал арийліктердің шыққан жері немесе олардың өрге бастырған аймақтарының бірі Батыс және Шығыс Түркістан, ендіше түріктердің бұл көне жерлерге жақындығы мен жанасатындығы жөнінде әңгіме қозғаудың реті жоқ деп есептейді.

Бұл ретте француз зерттеушісі Жан Пауль Роух (*L'Asie Centrale – Histoire et civilisations*, Fayard, 1997) пен Индиана университеті Орал-Алтай бөлімінің профессоры Денис Синордың (*The Cambridge History of Early Inner Asia*, Cambridge University Press, 1990) еңбектерін мысал ретінде көрсетуге болады:

түріктер мен моңғолдардың аяғы әлі Орта Азияға тимеген кез. Олардың арғы ата-бабалары Сібір орманында, Тайгада, Маньчжурияда өмір сүріп жатты. Тибеттіктер тас дәуірінде жүрген. Жалпы алғанда, Орта Азияда, әсіресе Тарым алқабында томаға түйық өмір сүріп жатқан жамият ішінде жарқын бір нәрсе дүнге келуі үшін, бұл жамият дәуісінің естілуі үшін оған медет боларлық мәдениет бой көрсетуі керек. Бұл мәдениетті жаратуға қажетті қабілет парсы сияқты қауымның болмысынан ғана табылды. Сонымен, Орта Азия тарихы парсылармен бастау алған деп айтуға болады (Аталған еңбек, 66-бет).

Тайга-Тундрадан шыққан прототунгустар Маньчжурияда, протомоңғолдар Шығыс Моңғолияда, ал прототүріктер Моңғолияның ең үлкен аймағы – Жоңғарияда және Іле мен Шу далаларында үндіевропалықтармен көршілес тұрған. Мұны Орта Азиядағы жазулар мен суреттер көрсетіп тұр. Қонысын кеңейте түскен үндіевропалықтар Туна өзеніне дейінгі көшпелілер жайлаған жерлерге келіп орналасады. Осыдан барып олардың арасында араласу басталған (36-37-беттер).

Көріп отырғанымыздай, түріктер мекендеген Орта Азияның географиялық жағдайы Роухтың кітабында жақсы-ақ сипатталған. Автор аталмыш географиялық ойкуменге Орталық Азиядағы 5 республиканы, Шығыс Түркістанды, Ішкі Моңғолияны, Сібірді, Ганьсуды, Тибетті, сондай-ақ Ауғанстанның біраз жерлерін, Пәкстанның солтүстігіндегі Пенджаб аймағының Пешаварын және Ирандағы Хорасанды жатқызады. Еңбекте бұлардың климаты, тау-өзендері, далалық жазықтары, сондай-ақ әр қайсысының алып жатқан жер көлемі жөнінде толық мәліметтер берілген. Бірақ автордың осынау ойкуменде б.д.д. IV - III мыңжылдықтардан бері арийліктер, яғни ирандықтар мекендеген; олар тарихи әрекеттерімен

көрінген кезде түріктер, монғолдар мен тунгустар Сібір орманы мен Тундрада жүрген еді, кейінірек барып бұл жерлерден бірте-бірте оңтүстікке қарай қоныс аудара бастаған деген тұжырымы деректерге негізделіп жасалынбағандығын айта кетуге керек болады (12-17-бб.).

Түріктердің шыққан жерін анықтау үшін осы уақытқа дейін айтылып жүрген пікірлерді білген жөн. Тарихи және лингвистикалық материалдарға таянып талдау жасалған теориялардың ұшар басында түріктердің ата жұрты ретінде Алтай аймағы көрсетілген деген версия белгілі. Онда Түрік, Монғол және Маньчжур сияқты қауымдық топтарға “Алтай” атауы берілген. Бұл пікірлерді алғашқылардың бірі болып Виэдеманн (1838), фин ғалымы А.Кастрен (1848) және алмания монғолтанушысы Скотт (1849) алға тартқан. Венгриялық Х.Вамбери (1885) және орыс ғалымы Н.Аристов (1896) бұл болжамның дәлелін табу жолында біраз тер төкті. Веналық В.Томашек (1888) түріктердің ата-жұртын Байқал көлінің шығысынан іздеу керек десе, ағылшын қытайтанушысы Е.Паркер (1924) мен финляндиялық монголист және түріктанушы Г.Рамстедт болса, мұны Қиыр Шығыста, Хинган тауларының алқабында және Маньчжурияда, олардың оңтүстігін ала орналасқан аймақтарда деп біледі [43].

Бұған қарама-қарсы пікірді венгер түріктанушысы Г. Немет айтқан. Ол тілдік материалдарға таянып түріктердің ата-жұртын Азияның солтүстік-батыс бөліктерінен, Алтай мен Орал тауларының арасынан, сондай-ақ Арал теңізінің төңірегінде іздеу керек екендігін тілге тиек етті [44]. Венгрия ғалымдарынан тағы біреуі Г.Алмаси діни қайраткерлер, тарихтағы атақты адамдар жөніндегі хикаялар мен дастандарға, сондай-ақ арийліктердің алғашқы Отаны жөніндегі зерттеулерге сүйене отырып, түріктердің ата жұрты Тянь-Шань аймағында болған деген тұжырым жасаған. Осы тәріздес пікірді түріктер мен монғолдардың тарихын толығырақ жазған Де Гуйгнес, Несип Учақ пен Зәки Валиди де қуаттайды. Зәки Валидидің пікірінше, түріктің ата-жұрты—Тянь-Шаньның батыс және солтүстік баурайлары, сондай-ақ Арал теңізінің төңірегіндегі жерлер. Тарихи этнография маманы, веналық В.Копперз де бұл пікірді қостаған сыңай танытады. Аталған авторлардың айтылуларын жинақтасақ, түріктердің Отаны — Орталық Азия болып шығады [45].

Бұл тұжырымды А.Н. Бернштамның ізденістері нақтылай түседі. Ол “Жетісу Орта Азиядағы түрік этногенезінің орталығы, түйіні ретінде көрінеді... Біздің эрамыздың шебінде, дәлірек айтқанда Хундардың тайпалық одағы қалыптасқан шақта, шүбәсіз тарихшылар тарапынан түрік тілі тілге алынған-тын... Онда қола дәуірінен бастап (одан да ертерек кезде— С.Ә.) көшпелілер қоғамының қалыптасу процесі жүріп жатты, онда бұл процестің ақырында түрік этногенезі әбден көрінді...” [46],—деп жазды.

Түрік ата-жұртының Тянь-Шань-Арал төңірегінде болғандығын, түріктердің басқа қауымдармен байланыстарын көрсететін, сондай-ақ олардың атқарған жеңімпаз да тарихи істерінен мағлұмат беретін Түрік, Қытай, Иран және Еврей аңыздары бар. Ең көне түркі аңыздарының бірі б.з. VI ғасырында, бәлкім одан да бұрынғы кезеңде белгілі бір қалыпқа салынып барып қытайлықтарға мәлім болған және Вей династиясының (б.з. 336-558 ж.ж.) тарихы бейнеленген жазбаларға енген. Ол — “Көктүрік - Қытай

версиясы”. Басқасы б.з. ҮІІ ғасырының алғашқы жартысында жазылған. Бұл шығармалардың біреуі Ибн Хордадбехтікі. Ол 740 жылы жазылған. Екіншісі –759 ж қайтыс болып кеткен Абдуллах бен Мучаффаинның шығармасы. Бұлардағы “Иран-Хазар аңыздары” селжүктердің атына арнап 1126 жылы жазылған “Муджмал ут-Таварих ва-л-кисас” атты кітапқа кірген [47]. “Муджмал ут Таварихтың” аты-жөні белгісіз авторы осынау аңыздарды “Масалик ул-Мамаликтен” алған. Бұл шығарманың авторы – Әбу Исхак Ибрахим. Ол кітабын Түркістанға саяхат жасаған Әбіл Аббас Ахмет ибн Ибрахимнің “Сувар ул-Акалим” атты шығармасының негізінде жазған. Мұны Честер Беатидің коллекциясынан білуге болады [48].

Аңыздардың екі нұсқасының әр қайсысы ең алдымен Тянь-Шань - Арал аралығында белгілі бір түрге еніп, сипат алғаннан кейін барып Оңтүстік Азия, Қиыр Шығыс және Алдыңғы Азияға дейінгі жерлерге тараған. Бұлардың екеуінде де Түріктің нағыз Отаны – Ыстық-көл мен Шу аймақтары деп көрсетілген. Көктүрік – Қытай версиясы түріктердің Шу алқабына, Ыстық-көл мен Ызық-арттың (Азығарт, қазіргі Ышығарт) аймақтарына келгенге дейін Сихаида, яғни батыстағы бір теңіздің (мысалы, Арал немесе Хазар теңіздері) жанында жайлағанын аңдатады. Ал, “Иран-Хазар версиясында” түріктің Ыстық-көл, Ызық-арт және Жайхунда (Амудария) жайлағандығы ашық -айдын тілге алынған [49].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фрай Р. Наследия Ирана. М., 1972, 54-6.
2. Senol Durgun. Turan Halkı ve Pan – Turanizm. –Yesevi, Subat, 1996 yıl 3, sayı 26, 39-бет.
3. Бұл да сонда.
4. Авеста.– Избранные гимны. Перевод И.М.Стеблина – Каменского. Душанбе, 1990, 57-6.
5. Қараңыз: Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи М., 1987, 52-6.
6. Авеста. Избранные гимны. Перевод И.М. Стеблина–Каменского. Душанбе, 1990, 17-6.
7. Бұл да сонда.
8. Бұл да сонда, 129-өлең.
9. Бұл да сонда, 119-120-бб.
10. Бұл да сонда, 119-120-бб.
11. Senol Durgun. Turan Halkı ve Pan – Turanizm. –Yesevi, Subat, 1996 yıl 3, sayı 26, 39-бет.
12. Фирдавсий А. Шохнома. Тошкент, 1984, 386-б.
13. Бұл да сонда, 264-б.
14. Бұл ретте Жәніс Жомарттың еңбегі айрықша екендігін атап өтпекшіміз.
15. Senol Durgun. Turan Halkı ve Pan – Turanizm. –Yesevi, Subat, 1996 yıl 3, sayı 26, 39-бет.
16. Тоған З.У. Түркістанның аты, шекарасы және жер көлемі. Ыстамбул, 1927, 3-б.; Баймырза Хайт. Түркістанның аты жайында.–“Егемен Қазақстан”, 3 шілде, 1996 жыл.
17. Абилгазы Бахадур хан. Родословная туркмен. М.–Л., 1958, 87–б.

18. Материалы по истории Туркмен и Туркмении. Т.1. Арабские и персидские пет. VIII-XI вв. Под ред. С.Л.Волина, А.А.Розаньевича и А.Ю.Якубовского. М., 1939, 144-б.
19. Материалы по истории Туркмен и Туркмении. Т.1. Арабские и персидские пет. VIII-XI вв. Под ред. С.Л.Волина, А.А.Розаньевича и А.Ю.Якубовского. М., 1939, 149-150-бб.
20. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі ("Диуани лугат ит-турк"). Алматы, "Ана тілі", 1993, 17-б.
21. "Тюркский мир", 1991, N1, 26-б.
22. Собрание материалов, относящихся к истории Золотой Орды. II том. М., 1941, 129-б.
23. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. /Извл. Из персидских и тюркских сочинений/. Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пишулина, В.П.Юдин. А., 1969, 17-б.
24. Бұл да сонда, 67-б.
25. Бұл да сонда, 125-133, 162-66.
26. Бұл да сонда.
27. Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных. Ташкент, 1977, 32-б.
28. Монах Иакинф Бичурин. Описание Жунгарии и восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии... С-Петербург, 1829, том 1, 10-77-бб.
29. Бартольд В.В. Сочинения, т.2, ч.1, М., 1963, 357-б.; Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России. М., 1965, 225-б.
30. Бартольд В.В. Туркестан.-Соч., т.3. М., 1965; бұл да соныкі.-История культурной жизни.-Соч., т.2, ч.1, М., 1963; Географически-статистический словарь Российской империи. Т.5. СПб. 1885; Масальский В.И. Туркестанский край. СПб, 1876; История Туркменской ССР. Т.1, кн.2. Ашхабад, 1957.
31. Баймырза Хайт. Түркістанның аты жайында. – Егемен Қазақстан, 3 шілде, 1996 ж.
32. Поляков С.П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. Изд-во Моск. Унив-та, 1980, 16-б.
33. Бұл да сонда, 5-б.
34. Jean Payl Roux. L'Asie Centrale – Histoire et civilisations. Fayard.
35. Ramazan Ozey. Ulug Türkistan ve güney Türkistan. –Yesevi, 1996. Temmuz. Sayı:31. Yıl 3. 38-39-áá.
36. Қазақстан теледидары. 11. XII. 2001.
37. Liberte of radyo, Uzbek department 9. ŐП. 2001.
38. 9. XII. 2001, "Азаттық" радиостанциясының өзбек бөлімі.
39. 31. X. 2001 ж. "Азаттық" радиостанциясының қазақ бөлімі.
40. Өзбекстан республикасының радиосы, 17. XII. 2001, сағат 17-18.
41. Dr. Laszlo Rasonyi. Tarihte türklük. Ankara, 1993. 2-3-áá.
42. Nemeth. Tirklerin eski cagi. –"Ülkü", XV. Ankara, 1940. 299-306, 509-518-áá.
43. Vambery A., A.Török Faj 1885. 59-84-áá.; Radloff W. Das Kudatku Bilik. LXXX-XXX тараулар; Ramstedt G.J. Über den Ursprung der Türkischen Sprache Sitzungsberichte d. Finn. Ak. d. Wiss. 1935, 81-91-áá.; Poppe N. Körösi Csoma Archivum I-(1921-1942). Budapest. II. 80-82-áá.; Koppers W. Urtürkentum und Urindogermanentum. Belleten. V, 501-á.; Chavannes E. Documents sur les Tou-kiue (Turcs) occidentaux. Peterbourg, 1903, 309-á.
44. Rene Grousset L'Empire des Steppes. Paris, 1941, 178-180-áá.
45. Togan Z.Y. Ibn Fadlan's Reisebericht. Leipzig. //ZDMY., 1939 (1968), 268-271-áá.

46. Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в Средней Азии.//Советская этнография. Сборник статей VI-VII, М.-Л., 1947, С. 154, 148, 152.
47. Togan Z.Y. Ibn Fadlan's Reisebericht. Leipzig, ZDMG., 1939 (1968), 280-295, 310-314-aa.
48. Togan Z. V. Umumi Türk Tarihine giriş, Istanbul, 1981, 434-a.
49. Togan A.Z. V. Türkili Tarihi. Istanbul, tabı, 1940, 6-7-66. немесе A.Zeki Velidi Togan. Bugünkü Türkistan ve yakın mazisi. Mısır, 1929-1940.